

Ақтөбе облысы үшін 2018-2025 жылдарға арналған қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштерін бекіту туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облыстық мәслихатының 2018 жылғы 22 мамырдағы № 293 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 5 маусымда № 5924 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облыстық мәслихатының 2021 жылғы 17 мамырдағы № 44 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды – Ақтөбе облыстық мәслихатының 17.05.2021 № 44 шешімімен (01.07.2021 бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы Экологиялық Кодексінің 19-бабының 3) тармақшасына және Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабына сәйкес, Ақтөбе облыстық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Ақтөбе облысы үшін 2018-2025 жылдарға арналған қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштері қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. "Ақтөбе облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесіне (Н.Б. Аққұл) мүдделі мемлекеттік органдармен бірге 2018 жылдың 1 қыркүйегіне дейінгі мерзімде Ақтөбе облысы үшін 2018-2025 жылдарға арналған қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштеріне қол жеткізу бойынша шаралар жоспарын дайындап, бекіту ұсынылсын.

3. Облыс әкімінің орынбасары Қ.Ә. Бекеновке осы шешімнің орындалуын бақылауды жүзеге асыру ұсынылсын.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыстық мәслихаттың
сессия төрағасы

Облыстық мәслихаттың хатшысы

А. БОЛАТОВ

С. ҚАЛДЫҒҰЛОВА

2018 жылғы 22 мамырдағы № 293
облыстық мәслихаттың шешіміне
қосымша

Ақтөбе облысы үшін 2018-2025 жылдарға арналған қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштері

--	--	--	--	--	--

Зерттеу объектісі	Мақсатты көрсеткіштер	Бастапқы деректер	3 жылдан кейін (2020 жыл)	5 жылдан кейін (2022 жыл)	8 жылдан кейін (2025 жыл)
Атмосфералық ауа					
Ақтөбе қаласы					
Қала бойынша тұтас алғанда	күкіртті сутек (H ₂ S) жағдайлар саны > РЕШШ	3224	1000	500	100
Қала бойынша тұтас алғанда	күкіртті сутек (H ₂ S) жағдайлар саны >10 РЕШШ	302	100	50	5
Қала бойынша тұтас алғанда	о з о н (O 3) РЕШШот. үлестері	2 РЕШШот	≤ 1,7 РЕШШот	≤ 1,7 РЕШШот	≤ 1,5 РЕШШот
Қала бойынша тұтас алғанда	көміртек оксиді (CO) РЕШШе.б. үлестері	1 0 РЕШШеб	8 РЕШШеб	5 РЕШШеб	3 РЕШШеб
Қала бойынша тұтас алғанда	күкірт диоксиді (SO ₂) РЕШШе.б. үлестері	7, 9 РЕШШеб	6, 5 РЕШШеб	5, 5 РЕШШеб	4 РЕШШеб
Қала бойынша тұтас алғанда	ұсақ дисперсті бөлшектер (PM _{2,5}) РЕШШе.б. үлестері	3, 4 РЕШШеб	2, 5 РЕШШеб	2 РЕШШеб	1, 5 РЕШШеб
Қала бойынша тұтас алғанда	азот диоксиді (NO ₂) РЕШШе.б. үлестері	2,75 РЕШШеб	2, 5 РЕШШеб	2 РЕШШеб	1, 5 РЕШШеб
Қазгидромет жүйесінің № 2 қосыны (Рыскұлов көшесі, 4 "Г")	күкіртті сутек (H ₂ S) РЕШШе.б. үлестері	29,94 РЕШШеб	1 0 РЕШШеб	5 РЕШШеб	3 РЕШШеб
Кеңқияқ ауылы					
мектеп аумағы	күкіртті сутек (H ₂ S) РЕШШеб үлестері	13, 1 РЕШШеб	5 РЕШШеб	2 РЕШШеб	≤ 1 РЕШШеб
Жер үсті сулары					
Елек өзені, өзен бойынша орташа	алты валентті хром (Cr 6+) РЕШШ үлестері	4,15 РЕШШ	≤4,0 РЕШШ	≤3,0 РЕШШ	≤2,0 РЕШШ
Елек өзені, Алға қаласы, шламды тоғандардан 0,5 километр төмен	б о р (3 +) РЕШШ үлестері	52,3 РЕШШ	3 5 РЕШШ	2 0 РЕШШ	1 0 РЕШШ
Коммуналдық қалдықтар					
Ақтөбе облысы	қатты тұрмыстық қалдықтарды шығарумен тұрғындарды қамтамасыз ету, %	75%	77%	79%	80%
Ақтөбе облысы	қалдықтарды қайта өңдеу үшін (олардың түзілуіне), %	2,5%	10%	18%	30%
Ақтөбе облысы	қалдықтарды жинауды және сұрыптауды жүзеге асыратын, кәсіпкерлердің саны	14	20	30	36
Радон қауіптілігі					
Байғанин ауданы, Қаражар ауылы	ЭТКБрадонның, мкЗв/сағ	282 мкЗв/сағ	250 мкЗв/сағ	220 мкЗв/сағ	200 мкЗв/сағ
Ақтөбе қаласы, № 27 орта мектеп	ЭТКБрадонның, мкЗв/сағ	375 мкЗв/сағ	280 мкЗв/сағ	220 мкЗв/сағ	200 мкЗв/сағ

"Көкжиде" құмы					
Жер асты суларындағы мұнай өнімдерінің құрамы	РЕШШмұнай өнімдері үлесі	3,15 РЕШШ	2 РЕШШ	1,3 РЕШШ	≤ 1 РЕШШ
Шөлейттену					
Байғанин ауданы					
Жарқамыс ауылы	қорғау-рекреациялық екпе ағаштар құру (жасыл аймақ), гектарлар	-	6,275 гектар	8,0 гектар	8,0 гектар
Баршақұм ауылы		-	4 гектар	4 гектар	4 гектар
Жаңатаң ауылы		-	3 гектар	3 гектар	3 гектар
Қаражар ауылы		-	3 гектар	3 гектар	3 гектар
Кемерші ауылы		-	8 гектар	8 гектар	8 гектар

Белгілеулер мен қысқартулар:

РЕШШ – рұқсат етілген шекті шығарынды;

РЕШШо.т. – рұқсат етілетін орташа тәуліктік шекті шығарынды;

РЕШШе.б. – ең жоғарғы бір реттік рұқсат етілетін шекті шығарынды;

PM 2,5 – 2,5 микроннан аз диаметрі бар бөлшектер;

РЕШШмұнай өнімдері – рұқсат етілген шекті шығарынды мұнайөнімдері;

ЭТКБрадонның – радонның эквиваленттік тепе-теңдіктік көлемдік белсенділігі;

мкЗв/сағ – микро Зиверт сағат.